

Түймедақ гүлімен
құрғақ теріге арналған
Ылғалдандырушы крем
дайындау

Тобы: Б – 13 – 3

Орындаған: Шынтас Несібелі, Дадаханова Мөлдір

Қабылдаған: Үкібаев Рүстем

- **Дәрілік өсімдіктер** (лат. *Plantae medicinalis*), шипалы өсімдіктер - медицинада және мал дәрігерлігінде емдеу және аурудың алдын алу мақсатында қолданылатын өсімдіктер. Дәрілік өсімдіктердің емдік қасиеті олардың құрамында стероид, тритерпен, алкалоид пен гликозидтердің, витаминдердің, эфир майлары мен тұтқыр заттар сияқты түрлі химиялық қосылыстардың болуына байланысты.



Дәрілік түймедақ – биіктігі 35-40см –ге жететін бір жылдық шөптесін өсімдік, тамыры нәзік,білеу. Бірен-саран бұтақталған сабақтары бар, күрделі екі-үш қауырсынды тілімделген жапырақтары сабақтарында кезектесіп орналасқан. Себеттердің тілше гүлдері ақ түсті, түтікше гүлдерінікі сары, иісі күшті жұпар иісті, дәмі татымды, ащылау.



гүлдерінің құрамында 0,2- 0,8% дейін көк түсті эфир майы бар, эфир майының ең басты компоненттері матрицин мен матрикарин,осы қосылыстардан хамазулен (7% жуық) түзіледі, бұлардан басқа эфир майының құрамына сесквитерпендер фарнезен, бисаболен, кадинен және монотерпен мирцин кіреді. Сонымен қатар эфир майында флаваноидтар, кумариндер, үштерпен спирттер, салицил қышқылы, аскорбин қышқылы, каротин және т.б. заттар кіреді.

Қолданылуы:

- Түймедақтың гүлінен жасалған дәрілердің жел шығаратын, қабынуға қарсы әсер ететін, тер шығаратын, ауырған жерлерді тыныштандыратын, денедегібулшық еттердің тырысуына қарсы әсер етеін қасиеттері бар.
- қан тоқтататын, микробты жоятын, өт айдайтын, етеккірдің келуін реттейтін дәрі ретінде де қолданады.
- гүлдерінің түнбасынан жасалған дәрілерді асқазанның, тоқ ішектің қабынуын, бауырдың, бүйректің, қуықтың ауруларын емдеу үшін пайдаланады.
- Дене сыртындағы ірінді жараларды, ванна жасау арқылы подаграны, ревматизм ауруына байланысты буындардың сырқырағанын емдейді.
- Тамақ бездері мен тіс түбіріндегі еттер қабынғанда ауызды және тамақты шаяды.
- Түймедақты шаштын қайызғағын кетіру үшін де пайдаланады.

Крем дайындау

- Керекті құралдар: спирт шамы, үлкен және кіші қасықтар, арнайы тостағанша, миксер, стакан
- Кремді дайындау үшін керекті ингредиенттер:
 1. құрғатылған дәрілік түймедақ гүлі - 1 ас қасық;
 - 2. жаңа қайнатылған су - 0,5 стакан;
 - 3. глицерин - 0,5 шай қасық;
 - 4. маргарин - 1 ас қасық;
 - 5. касторовый май - 1 шай қасық;
 - 6. эфир майы - 3 тамшы
 - 7. камфорлы спирт - 0,7 шай қасық

Жұмыстың орындалу барысы:



1. 1 ас қасық түймедақ гүлдерін табақшаға салып, оның үстінен 0,5 стакан қайнап тұрған су құямыз. Ыдыстың бетін жауып 1 сағатқа тұндырамыз



Алынған 2 ас қасық тұнбаға 0,5 шай қасық
глицерин қосып араластырамыз



1 ас қасық маргаринді жұмсақ қалыпқа түскенде спирт шамның жалынына ұстаймыз. Жұмсарғаннан кейін оның үстіне 3 тамшы эфир майын тамызамыз



және 0,5 шай қасық камфорлы спирт
құйып 5 минут миксермен соғамыз.



Нәтижесінде мынадай қоймалжың
құрылым аламыз.



Қолдану тәсілі:
Таза теріге дайын
өнімді көздің
айналасына, қас пен
ерінге тигізбей жағып
10-15 минут ұстау
қажет. Берілген уақыт
өткеннен кейін жылы
сумен жуады.



Әсері:

Бастапқы құрғақ
әрі қатты тері
ылғалданып
жұмсарады .
Теріге балғын
рең береді.



